

*ҚР Білім және ғылым вице-
министрі М.Сарыбековтың
дөңгелек үстел отырысында
сөйлейтін сөзінің жобасы
(Астана қ, 2012 жылғы 24 сәуір,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)*

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы!

Құрметті депутаттар, дөңгелек үстел қатысушылар!

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жастар саясаты саласындағы сапалы құқықтық нормативтік базаға негізделген. Бұл жұмыс ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Жастар саясаты саласындағы алғашқы Заң еліміздің Тәуелсіздігі қарсаңында 1991 жылы 28 маусымда әзірленді. Бұл «Қазақ ССР мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы.

Кейінірек, 1999 жылы Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдама мемлекеттік жастар саясатын дамытуға оң әсер етті. Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында 2004 жылы «Жастар саясаты туралы» заң қабылданды. Жастар саясатының 2001-2002, 2003-2005 жылдарға және 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламалары ҚР Үкіметінің қаулыларымен бекітілді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Жас Отан» жастар қанатының I съезінде мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңдарды жетілдіру керектігі туралы берген тапсырмасы берілген.

Сол 2008 жылы Министрлікпен 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік жастар саясатының Бағдарламасы (одан әрі-Бағдарлама) жобасы жасалды.

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесі

туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының қабылдануына байланысты Бағдарламаны одан әрі әзірлеу тоқтатылды.

Бағдарлама жобасының негізгі ережесі 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына енгізілді.

Министрлік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Заңының жобасы (одан әрі – Заң жобасы) жасады.**

Заң жобасын жасау ҚР Үкіметінің Қаулысымен 2010-2011 жылдарға арналған Үкіметтің заң жобасы жұмыстарының перспективалық жоспарына және 2011 жылға арналған Үкіметтің заң жобасы жұмыстарының жоспарына енгізілді.

Заң жобасын әзірлеуге жастар ұйымдарының, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес жастар бірлестіктерінің өкілдері, жастар қауымдастығы және басқалар белсенді қатысты.

Қазақстанның барлық өңірлерінде министрлік пен жастар ұйымдарының бастамасымен аталған заң жобасын талқылау жөніндегі қоғамдық кампаниялар жүргізілді.

Еліміздің барлық жоғары оқу орындары мен колледждерде дөңгелек үстелдер, семинарлар мен қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Заң жобасын талқылау бойынша жастармен кері байланыс орнатуды қамтамасыз ету үшін www.zan.zhastar.kz арнайы

сайты құрылды. Сайтқа **12 000 астам** жастар тіркелді, оның ішінде қазақстандық студенттермен қатар, шетелдік жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттер де бар.

Заң жобасын қабылдаудағы мақсат – жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету, олардың мемлекеттік жастар саясатына қатысуына жағдай жасау, қолданылудағы Заңның ережелерін анықтау, жастар саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың құзыретін нақтылау.

Көрсетілген мақсаттарға жету үшін келесі **міндеттерді** шешу керек:

- мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда мемлекеттік органдардың жауапкершілігін көтеру (мемлекеттік органдарға нақты міндеттелген өкілеттіліктерін енгізу жолымен);
- студент жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етуде қолдау көрсету;
- жастардың қарым-қатынас орталықтарын құру (ресурстық орталықтар, әлеуметтік қызметтер) жолымен олардың бос уақыттарын қамтамасыз ету арқылы жастардың патриоттық және азаматтық жауапкершілігін арттыру бойынша шараларды іске асыру.

2004 жылы қабылданған Жастар саясаты туралы заң жалпыланған, шектеулі сипатта болған. Аталған заң жобасында біз мемлекеттік органдардың құзыреттігін нақтыланады және жастарды әлеуметтік тұрғыдан қолдау бойынша нақты шараларды заңды бекітуді мақсат тұтамыз.

Жастар саясаты саласында нақты координация мен

қызметтері үшін Білім министрлігінің, мәдениет, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, ауылшаруашылығы министрліктері құзіреттерінің бөлімдері анықталуда. Сондай-ақ жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың құзіреттері де нақтылануда.

Жастар саясаты бойынша үйлестіру жұмыстарын жүргізу үшін Білім және ғылым, мәдениет, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің құзырлары нақтылануда. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың құзыретіндегі тармақтар анықталуда.

Алғаш рет Елбасының тапсырмасы негізінде студенттік тұрғын үй мәселесіне көңіл бөлініп, оқу кезеңінде студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша заң тұрғыдан ықпал етіледі.

Осы мақсатта министрлік 2 жоба дайындады:

1. 2015 жылға дейін еліміздің жоғары оқу орындарының 54 жатақханасы күрделі жөндеуден өткізіледі, 24-і салынады.

2. Астана қаласында 10 000 орындық 2 ірі, Алматы қаласында 20 000 орындық студенттік қалашық салынады. Жобаның жалпы құны 95 млрд. теңге. Әкімдіктер тарапынан құрылыстарға жер бөлінді. Қазіргі кезде қаржылық экономикалық негіздеме жасалуда. Құрылыстың басталуы 2012 жылдың аяғы, 2013 жылдың басы.

Заң жобасын талқылау барысында Министрлікте бірқатар ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленді. Бұл кәсіпкерлікпен айналысатын жастарға, әсіресе ауыл жастарына арналған жеңілдік кәсіпкерлікпен қамтамасыз ету бойынша, жас отбасылары үшін тұрғын үйлер салу (Батыс Қазақстан

облысындағы Жастар үйі үлгісімен) және тағы басқалар.

Алайда, Заң жобасының тұжырымдамасына қосымша қаржы ресурстарын талап ететін ұсыныстардың көпшілігі енгізілмеді. Оның үстіне мемлекеттік органдармен келісу барысында енгізілген позициялардың біразы сол себептермен қолдауға ие болмады. Со мезетте ол объективті де еді: әлемдік қаржы дағдарысы, бағдарламаларды оңтайландыру және тағысын тағылар.

Осылай, дайындау процесіне бірқатар жастар бастамалары мен жаңашылдықтары ұсынылды. Көптеген жаңашылдықтар қосымша қаржыны қажет етті. Оларды іске асыру үшін Елбасының тікелей тапсырмаларын алу қажет болды. Осы үшін олардың бір бөлігі Елбасының 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауының жобасына ұсынылды. Жолдауда айтылған жастар саясаты саласы жөніндегі бағыт Елбасының қолдауына ие екендігіне дәлел.

Олар келесі бағыттар: жастар кәсіпкерлігі, қолжетімді және сапалы білім, жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі, баспана жағдайын жасау, оқушы жастарға жолақы жеңілдіктерін қарастыру, жастарды еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету.

Бұл мәселелер Елбасының Жолдауында басымды бағыттардың бірі болып алдыңғы кезекте орындалу қажеттілігі белгіленген.

Біздің бүгінгі күндегі міндетіміз Елбасының жастар саясаты саласындағы бастамаларына ұзақ мерзімді сипат беру үшін заңды түрде бекіту.

Бланкеттік нормаларды жою және заңнамалық актіге нақтылық беру мақсатында заң жобасында алғаш рет «жастар», «жас отбасы» түсініктерін қайта қарастыру бастамасы болды.

Заңнамада жастардың жасын 30-ға дейін ұлғайту ұсынылуда (Қолданыстағы Заңда жастар – бұл 14-тен 29 жасқа дейінгі азаматтар).

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, 30 жас – стратегиялық құжаттарды бағдарландырудың ең оңтайлы жасы.

Жастар мен жастар үкіметтік емес ұйымдарын қолдау мақсатында консультатциялық, ақпараттық, ұйымдастыру және тағы да басқа қызметтерді көрсететін ресурстық орталықтар туралы жаңа бап қосу ұсынылды.

Олар жергілікті органдардың шешімімен коммерциялық емес ұйымдар түрінде құрылатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырамасымен тұрғын халықты жұмыспен қамтамасыз етудің «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы әзірленіп, халықты, оның ішінде жастарды Қазақстанның экономикалық орталықтарына жұмысқа орналастыру басымдылығы көрсетілгендігін, сондай – ақ, кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етудің, жастарды, оның ішінде халықтың ауылды жерлерде жұмыс істейтін бөлігін оқыту және микронесиенмен қамтамасыз етудің қарастырылғандығын айта кеткім келеді.

Қазақстан халқына жолдауда «жас отбасы» категориясы басымды құрылым ретінде қарастырылған тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің «Қол жетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын әзірлеу және оны іске асыру маңыздылығы

айтылған болатын.

Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар!

Парламенттегі заң жобасын қарастыру нәтижесі көрсеткендей үш ай ішінде оны жетілдіру жөнінде тиянақты жұмыстар жүргізілуде.

Заң жобасының алғашқы нұсқасында 18 түзетулер енгізілсе, қазіргі уақытта заң жобасына 109 түзетулер енгізу ұсынылды. Бұл жұмыс нақты, әрі толық қарауды талап етеді.

Заң жобасын қабылдау «Әлеуметтік-экономикалық жаңару – Қазақстанның басты даму векторы» атты Қазақстан халқына Жолдауда белгіленгендей жастар арасындағы тәрбие жұмыстарын күшейтуге бағытталатын болады.

Жалпы алғанда, жастар саясаты саласындағы нормошығармашылық жұмыстар жастар арасында асыраушы жандарды тудыруға емес бәсекеге қабілетті жастарды құруға бағытталған.

Біз заң жобасында көтерілген жастар бастамаларының қолдауға ие болатынына және заңнамаларды жетілдіруде бірлескен тиімді жұмыстар жасауға үміт артамыз.

Назарларыңызға рахмет!